

A. З. ӘЛПБЕК<sup>1</sup>, Ж. З. ТОРЫБАЕВА<sup>2</sup>

(<sup>1</sup>ОҚМПИ, Шымкент, Қазакстан,

<sup>2</sup>Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазакстан)

## ЖЕТКІНШЕКТЕРДІң САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНІҢ МУМКІНДІКТЕРІ

**Аннотация.** Макалада автор бүгінгі таңда еліміздегі орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастыру жайында қарастырылан. Сондай-ақ, педагогикалық тәжірибе барысында жеткіншектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктерін айқындаған.

**Тірек сөздер:** салауатты өмір салты, эстетикалық құндылық, оқу-тәрбие үрдісі, қалыптастыру.

**Ключевые слова:** здоровый образ жизни, эстетические ценности, учебно-воспитательный процесс, формирование.

**Keywords:** healthy way of life, aesthetic values, учебно-воспитательный process, forming.

Қоғамдағы білім беру жүйесінің қазіргі даму жағдайы мектеп оқушыларының бойында әсемдік пен салауаттылық негіздерін қалыптастыруды мақсат етіп отыр. Осыған сәйкес, біз жоғарыда бүгінгі таңдағы еліміздегі орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастырудың айқындалап және оны өз педагогикалық тәжірибеміз барысында жүзеге асыруды мақсат еттік.

Зерттеу барысында педагогика ғылымындағы білім беру мазмұнына байланысты, мектептің оқу-тәрбие үрдісінде эстетикалық құндылықтар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың екі бағыты қарастырылды. Ол, біріншіден, оқу-тәрбие үрдісінде 5-9 сыныптарда эстетикалық циклдағы пән сабактарын оқытуда және екіншіден, сыныптан тыс жұмыстарда жүзеге асырылады.

Жалпы айтқанда, зерттеу жұмыстары көрсеткендей, жас өскелен ұрпақтың бойында эстетикалық құндылықтар негізіндегі салауаттылықты қалыптастырудада оқу-тәрбие үрдісінің ықпалы ерекше.

Зерттеу мақсаты – эстетикалық құндылықтар негізіндегі салауатты өмір салтын қалыптастырудада оқу-тәрбие үрдісінің мүмкіндіктерін айқындау болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Жарғысында (ДДҰ, 1946) жеке денсаулық түсінігі «тек ауру мен кемістіктің жоқтығымен ғана емес, толық тән саулығы, рухани және әлеуметтік ігіліктің күйі» деп қарастырылған. Адам денсаулығы – қоғамның және жеке адамның негізгі байлығының бірі. Ол антропометриялық, физиологиялық және психологиялық көрсеткіштер бойынша белгіленеді. Бұл аталған көрсеткіштер мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне, жынысына, арнағы ұйымдастырылатын тәрбислік іс-шараларға және оқыту үрдісіндегі пән мазмұны арқылы жүзеге асатыны белгілі. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде эстетикалық құндылықтар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру екі бағытта іске асады: пән сабактарын оқытуда және сыныптан тыс жұмыстарда. Зерттеу мәселе сіне байланысты ғылыми-практикалық қызығушылықты 1997 жылдан бастап 5-9 сыныптарда енгізілген «Салауаттану» пәні тудырды. Оқушылардың салауатты өмір салты мен салауаттану ұстанымдары негізін игеруін, салауатты мұдделерге гигиеналық дағдысын және сауықтыру әдістерін іс жүзінде қолдануын қалыптастыру – пәннің мақсаты болып табылады. Осы бағытта «Салауаттану – денсаулық сақтау» сабағының бағдарламасы ерекше назар аударады. Бағдарлама мынадай негізгі ұстанымдарға сүйенеді:


- ғылыми дәлелденген деректерді, құбылыстарды, нәтижелер мен салдарларды ғана пайдалану;
- салауаттылық білімінің жүйелілігі және үздіксіздігі;
- оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудады анатомиялық, физиологиялық, психологиялық бастаулар бірлігі;

– оқушыларда салауатты өмір салтын сақтауға тұрақты түрткі қалыптастыру және имандылық-рухани құндылықты ескеру және т.б.

Жоғарыда аталған ұстаным мен міндеттеріне қарай бағдарламаның негізгі тақырыптары мынадай мәселелерді шешуге арналған: Денсаулық және Салауатты өмір салты туралы ұфым, Адам гигиенасы, Адам ағзасы, Гигиена – денсаулық негізі, Дене шынықтыру, қымыл белсенділігі – денсаулық негізі, Тиімді тамактану, Жұқпалы аурулардың алдын алу, Тән ауруларының алдын алу, Ағзаның жаракаттануы мен улануының алдын алу, Жағымсыз әдептер, Адамгершілік-жыныстық тәрбие, Психоэмоционалды денсаулық, кикілжің және денсаулық, қоршаған орта және адам денсаулығы, Сауықтырудың дәстүрлі емес әдістері т.б. [1]. «Салауаттану – денсаулық сақтау» пәні оқушыларға пәнаралық байланысты, адамға денсаулықтың қажеттілігін, жан саулығы мен тән саулығының біртұтастығын насхаттайты.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, мектептің негізгі сатысында пән сабактарының ішінде биология пәннің мұмкіндіктері айқын көрінеді. Бұл пәннің базалық бағдарламасының міндеті – оқушыларды адамның дене құрылышы мен дене мұшелерінің қызметтерімен таныстыру, қалыптасқан дәстүрлі тазалық, гигиеналық талаптар негіздерін білуге назар аудару, табиғатқа байланысты мақал-мәтеддер, аныз-әнгімелері, жұмбақтарды қолдана отырып, оларға эстетикалық тәлім-тәрбие беру, денсаулықтың маңыздылығын насхаттау, танымдық қызыгуышылығын теренду.

Салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастырудыа эстетикалық циклдағы пәндер құнды болып келеді. Мысалы, 5 сыныпта жүргізілетін ән-күй сабакында бұл мәселе кең қамтылады. Сабак барысында оқушылардың эстетикалық талғамы мен эстетикалық білімдері ғана емес, салауаттылық бағытындағы мінез-құлыштары да қалыптасады. Осылай орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың: «Күй көне замандардан күні бүтінге дейін халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ең киелі де қастерлі, сырлы да, сұлу өнер. Ұлт мәдениетінің арғы-бергі тарихын зерттеп, жүйелеп, бүтінгі, жас үрпактың кәдесіне жарату және оны әлемдік деңгейде насхаттау мәксатында жасалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жобасының жүзеге асырылуын ұлттық музика тарихындағы елеулі оқиға деп бағалаймын. Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй» деп жырлағандай, қазақтардың сан буыны Құрманғазы, Дәүлеткере, Байжігіт, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, Абыл сияқты халқымыздың асыл өнерін ұстаған ұлы күйшілердің мол мұрасынан сусындалған өсті» [2, 3-8 б.], – деп ерекше атап өткен. Ән-күй сабактарында оқушыларда салауатты өмір салтын эстетика арқылы қалыптастыру мүмкіндіктері анық байқалады. Мұны тәмендерге салыстырмалы тұрғыда берілген суреттен көрүте болады.



Пәндер мазмұнында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған эстетикалық құндылықтар ұғымының берілуі

Суреттен ән мен күй өнерінің қаншалықты маңызға ие екеніндеңін байқауға болады. Сонымен катарап, Дінтану негіздері пәні де ерекше орынға ие болып тұр. Оқыту үрдісінде олар 20 % алады. Дене шынықтыру және биология пәні – 18%. Қазақстан тарихы және Дүние жүзі тарихы пәні – 12 %.

Ән мен күй өнерінің эстетикалық құндылығы зерттеушілердің мынадай күй аспаптардың шығу тегіне байланысты олардың жоралық қызметі туралы берілген мәліметтерінен айқындалады. Көне түркілердің «Екі негіз» атты дуалистік философиялық нағымы бар екенін білеміз. Мұнда әлем атальық пен аналықтан тұрады деген сенім бар, атальықтың көктегі символы – Күн, аналықтық – Ай. Оның жердегі символдары – атальықта – жер, аналықта – су. Бұлардың үстіндегі бақылаушы –

тау тұрады деген ұғым қалыптасқан. Домбыраның екі шекті болуы да содан шығады, яғни үстінгісі – аталақ, астынғысы – аналық. Орыстарға көшпендерден енген балалайканың да әуелде екі шекті болғаны белгілі. Үш шекті болуы христиан дінінің кіруіне байланысты туындалады, қасиетті үштік (қасиетті әкей мен оның ұлы және киелі рух) түсінігі орыстармен бірге қазақтарда да болды. Біздің несториандық христиан дінінде болған кезеңіздің ескерткіші – үш шекті шертер мен Алтай домбырасы. Домбыра тектес қытай аспабы пипа оларға көшпендерден ауысты. Қытай императорларының осы аспапты «варварлардың» аспабы деп өз мәденистіне қоса қоймаганы жазылған. Дегенмен қытай жүртүшінің аксүйек, сарайлық мәдениетіне кіріп, өзге шекті аспаптармен бірге орындалу техникалары жетілдіріліп, таңбалануы жүйеге түсінеді. Қытай елінде әрбір қағыс ерекше таңбамен, қымылды жануарлардың мінез-құлқымен бейнелейтін айрықша таңбалау жүйесі қалыптасқан. Қазақ домбырасында мұндай жазбаша таңбалау болған емес, оның өтеуін ауызша дамыған тарту қағидасы атқарды. Бұлар күйлер мен сарындардың, пернелер мен қағыстардың дәстүрлі аттары. Музыкатанушы С.Өтегалиеваның домбыра бұраулары жайлы көлемді зерттеу мақаласында ең көне бұрау-теріс бұрау екені айтылады, ғалым мұның дәлелін бурдон сарындағы аныз күйлердің осы бұрауда туғандығымен түсіндіреді [2, 4-9 б.].

Осындай негізде біз ән-күй пәні жеткіншектердің салауатты өмір салтын қалыптастыруды эстетикалық сезімге бөлекен ата-бабаларымыздың рухани мұрасы, яғни күйлер мен жырларының өзгеше бір мәні бар екенін бағамдаймыз. Жалпы ән-күй пәні мектеп көлемінде тек күйлермен шектелмей, әртүрлі әндермен де қосылып өткізілетіні даусыз. Әннің де әні бар, «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар» – деп ұлы Абай ақын жырлағандай, әннің сөзі, сазы мектеп бағдарламасында көбіне іріктеліп, отанышылдық, салауатты өмір салтын насиҳаттайды, әсемдік әлеміне жол ашатын болуы жөн. Өйткені, жеткіншектердің өмірінде ән мен музыканың алатын орны ерекше. Мысалы, жастарды салауатты өмір салтын насиҳаттауға қызмет ететін «Мұстафа» әні, «Бейбарыс» т.б әндер көптеп үйретіліп ән сабағында орындалса қос мақсат та салауаттылық пен эстетикалық талаптар қатар қамтылары анық. Сонымен қатар оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруды және эстетикалық талғамдарын жоғарылатуда бұл пәндердің мүмкіндіктері болғанымен, жеткілікті білім негізін тақырыптарда толық қамтымайды. Осы орайда біздің зерттеу жұмысында салауатты өмір салты мен оқушылардың эстетикалық талаптарын теренірек шешуді мақсат етіп, «салауаттану» мен «технология» пәндерінің пәнаралық байланысын сақтай отырып, бұл пәндерді оқытуда оқушылардың өзіндік жұмысы ретінде қосымша тақырыптарды ұсынғанды жөн көрдік.

Оқушылардың өзіндік жұмысы ретінде, олардың эстетикалық сезімін және салауаттылық бағдарлауда «Салауаттану» және «Технология» пәндерінің [3–7] мүмкіндіктері ерекше. Сонымен қатар, бұл бағыттағы зерттеуде пәндердің мазмұны бір-бірін толықтырып, отыратындығын байқады.

Осы пәндердің бағдарламасына сәйкес, ұсынылған өзіндік жұмыстардың тақырыптары тәмендегі кестеде топтастырылған.

Әзіндік жұмыстардың ұтымды тұстары:

- оқушылардың салауаттылыққа және эстетикалық құндылықтар жайындағы білімдерін көңейтіп, оку іс-әрекетінде қызығушылығын арттырады;
- пәндер арқылы оқушылардың көркем мінез-құлқын шындалады;
- пәндерден білімді іс-әрекет нәтижесінде пайдалана білуге дағдыландырады;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Кестеде берілген өзіндік жұмыстар тақырыптарының тәрбиелік мәні күмән келтірмейді. Олар жеткіншектерді түрлі іс-әрекеттермен айналысуға бағыттап, әсемдікке, әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Жеткіншектердің эстетикалық құндылықтар негізінде салауатты өмір салтын қалыптастырудың ұсынуға болады. Мысалы, ән-күй сабактарына 5-сыныпта «Салауаттылық әндері»; 6-сыныпта Қазақстан тарихы пәніне 12-тақырыпқа «Сақтардың аң стиліндегі өнері – әлем назарында»; 15-тақырыпқа «Ғұндардың салауатты өмірі мен әсемдік дүниесі»; 7-сыныптағы «Биология» пәніне «Жануарттану» бөліміне «Қазақтың ою өрнегі мен сақтардың аң стиліндегі жануарлардың мәні»; «Құсбегілік пен аңшылықтың әсемдікпен үндестігі»; 8-сынып «Биология» пәнінен «Табиғаттағы бірлестіктер» бөліміне «Табиғат жанға – дауа-тәнгे – қуат»; 8-сыныптағы Дене шынықтыру пәніне «Спорттағы әсемдік сырлары» тақырыбын; 8-сыныптағы Дінтану негіздері пәніне «Ислам салауат-

тылық негізі – көркем мінез бастауы». Осы пәндердің бағдарламаларының мазмұнын тереңдетуде өзіндік жұмыс тақырыптары бірін-бірі толықтырып, эстетикалық құндылықтар негізінде оқушының салауатты өмір салтын қалыптастыруда жүйелі білім алына қосымша негіз береді. Сонымен қатар, бұлардың тәрбиелік мәні зор. Мұны сабактан тыс кезінде оқушылармен өткізген жұмыстардың мазмұны дәлелдейді. Солардың кейбіріне тоқталған жөн [8].

«Технология» және «Салауаттану» пәндері бойынша ұсынылған өзіндік жұмыстардың тақырыптары (5-9 сыныптар)

Өзіндік жұмыстардың тақырыптары			
1	2	3	4
5-сынып	Технология пәні	Салауаттану пәні	Өткізу формасы
	Дұрыс тамактану – денсаулықтың кепілі	Салауаттылық пен эстетикалық тәрбиелік ой-пікірлердің даму тарихы	Баяндама, пікірталас
	Көкөністер мен оның құрамындағы дәрумендер – адам ағзасының табиги құндылығынын реттеуші	«Ұзақ өмір сүргің келсе...»	Проблемалық жағдай туғызы, тест
	Қазақтың ұлттық ұн тағамдарының адам ағзасына әсері	Минералды заттар мен дәрумендер – жеткіншектердің жан және тән саулығын!	Дөңгелек үстел
6 – 6-сынып	Тамактану мәдениетіндегі эстетикалық және салауаттылық талаптары	Тімді тамактану – денсаулық кепілі	Шығарма, сауалнама
	Қазақтың ұлттық сүт тағамдары және оның жас жеткіншектен денсаулығына әсері: «Ақ – дертең дауа, жаңға – шипа».	Дене шынықтыру – жеткіншектердің сыр-сымбат және салауаттылығын қалыптастырудың негізі	Сайыс, практикалық жаттығулар
7-сынып	Наурыз көже – қазақтың ұлттық мейрамының басты құндылығы	Жеткіншектердің бет және дене күтімі – сыр-сымбат негізі	Әңгімелесу, практикалық жаттығулар
	Дастархан басында сакталынатын салауаттылық және эстетикалық талаптар	Тімді тамактану – салауаттылықтың негізгі шарты ретінде;	Пікірталас, сұрақ-жауап
8-сынып	Қазақтың ұлттық тағамдары – жеткіншектердің салауаттылық және эстетикалық құндылығын қалыптастырудагы рөлі	Өркениет дамуындағы салауаттылық пен эстетикалық құндылықтардың тарихы	Баяндама, пікірталас
	Қазақтың ұлттық дастарханы – салауаттылық пен әсемдік тәрбиесінің ныспаны	Эстетикалық құндылық – жеткіншектердің психоэмоционалды денсаулығының негізі	Қазақ дастарханына саяхат, әңгімелесу
9-сынып	Қазақтың ұлттық ет тағамдарының түрлері және сый табақты тарту дәстүрі	Салауатты өмір салты – жеткіншектердің эстетикалық мәдениетін, қоғамдық пайдалы іс-әрекетін қалыптастырушы	Тест, дөңгелек үстел
	Қонақжайлыштық – қазақ халқының ұлттық мінез бен дәстүрінің ныспаны	Жеткіншектердің спорт, би өнерін тандауы – салауаттылық пен әсемдікті қалыптастырушы факторы ретінде	Қазақ дастарханына саяхат, шығарма жаздыру

### 5-сынып, «Салауаттану» пәні бойынша

Өзіндік жұмыстың тақырыбы: «Ұзақ өмір сүргің келсе»

Өзіндік жұмыстың мақсаты: Қазақстанның болашақ жан-жақты жетілген дені сау азаматтарын тәрбиелеу үшін, салауатты өмір негіздерін үйрете отырып, адамның сұлулығы – денінің саулығында екендігін оқушылардың санаасына сініру.

Өткізу формасы: Проблемалық жағдай туғызы, тест.

Пайдаланылған көрнекі құралдар: «Ұзақ өмір сүргің келсе» атты плакаты, «Ұзақ өмір сүрген адамдардың айтқан сөздері», «Жұз жасаған Жамбылым!» жарнама сөздері.

Пайдаланылған әдебиеттер: Поль Брегг «Ашығудың пайдасы», «Жүйке күші»; «Денсаулық» журналы т.б.

Өзіндік жұмыс барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Бүгінгі өзіндік жұмысымызда біздер жаңа ғасырға салауатты да, салиқалы көзқарасы қалыптасқан, денсаулығы өте мықты азаматтар болып аттау үшін қандай білімдік негіздерді білуіміз қажет деген сұрақтың айналасында бастамақпыш. «Ауру корольден дені сау қайыршы артық» деген ғұламалар сезін еске ала отырып, кіріспе сабағын «Ұзақ өмір сүргің келсе» атты тақырыппен бастаймыз. Өзіндік жұмысымызды бастамас бұрын «тақтада жазылған «Жұз жасаған Жамбылымы» сөздерін оқи отырып, Жамбыл кім және оның жүз жасау себебі неде деп ойлайсыздар? – деген сұраққа жауап табудан бастайық. Оқушылар әртүрлі пікір білдіреді. Мұғалім пікірлерді толықтырып Жамбылдың өмірі өлең, жырмен тығыз байланысты болғанын әрі салауатты өмір салтын ұстап, атқа мініп таза ауада, салауатты тاماқ өнімдерін пайдаланғанының да әсері мол болғанын айта отырып, өлең-жырдың да адам өмірін ұзартуда пайдасы мол екенін тілге тиек етеді. Сондықтан да өлең, жыр, күй саздары тек эстетикалық қанағат сезімін бермей, сонымен бірге ұзак өмір салауатты өмірдің белінбес бір бөлшегі екенін айтады.

Өзіндік жұмыстың негізге болімі. Бір парап қағаз алғып өзініз білетін ең ұзак өмір сүрген адамдарды жазыңыз. Ұзақ өмір сүруіне себеп болған не нәрселер деп ойлайсыз? Балалар өздерінің таныс адамдарын немесе оқыған кітаптарындағы ұзақ өмір сүрген адамдардың аты жөнін жазып, ұзақ өмір сүру себебін өздерінше жазады. Балалардың ойын қорыта келе, сыныптағы оқушыларды 4 топқа бөлеміз. Оқушыларды отыргызып болған соң, әр топқа түрлі-түсті қағазды үлестіреміз. Қағазды оқушылар өз таңдауларымен алады.

Оқушыларға тәмендегідей ойын сұрағы оқылады. Оқушылар жауабын жазып отырады.

1. Сен бұғін өмірінді ұзарту үшін не істедін ?
2. Өмірінді қыскартатын нәрсемен күресте бір аптада не тындырасың ?
3. Өмірді ұзартудың бірінші шарты не деп ойлайсың ?
4. Ұзақ өмір сүруде үлгі ететін адамың бар ма?
5. Сен өмірге қауіпті кездейсоқ оқығалардан сақтану үшін не жасар едін?
6. Бұл үшін мемлекетіміздің не істегенін қалар едін?
7. Күнделікті таңертенгілік жаттығу жасаймысың?

Сонымен, сабактың қорытындысында оқушылардың берген жауабы мен таңдаган түстерінде жазылған жауаптарды салыстыра отырып, ең ұзак өмір сүру мүмкіндігі мол оқушылар тобын анықтап женімпаз деп табуға болады. Откізілген жұмыстардың педагогикалық мәні күмән келтірмейді. Оқушы өзіндік жұмысты орындау барысында эстетикалық құндылықтар негізінде салауатты өмір салты жайындағы білімі терендең, адамың сұлулығы – деңінің саулығында екендігін түсіне біледі, өзіндік белсенділігі арта түсетіні анық.

## ӘДЕБИЕТ

- 1 Әділханов Ә.С., Жаңабердиева К.А. ж.б. Салауаттану. Бағдарлама. – Алматы, 2002. – 64 б.
- 2 Мәдениет // Ақтөн Қоңыр. – 2010, наурыз. – 1. – Б. 3-9.
- 3 Әділханов А.С., Жаңабердиева К.А., Брусенко З.Г. Салауаттану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептердің 5-6 сыныптарына арналған. – Алматы, 2005. – 134 б.
- 4 Әділханов Ә.С., Қысымова Ә.Қ. Салауаттану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сыныптарына арналған. – Алматы, 2009. – 200 б.
- 5 Жалпы білім беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған «Технология» пәнінің бағдарламасы. – Алматы: РОНД, 2003.
- 6 Әстемиров К., Қалназаров Б., Чимекеева Г., Ирсімбетов М. Технология. Оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005.
- 7 Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған «Технология» пәнінің бағдарламасы. – Алматы: КБА, 2003.
- 8 Кошербаева А.Н., Әліпбек А.З. Жеткінспектердің салауатты өмір салтын эстетикалық құндылықтар негізінде қалыптастыру: Оқу-әдістемелік курал. – Шымкент, 2010. – 72 б.

## REFERENCES

- 1 A'dilhanov A'.S., Jangaberdi"eva K.A. j.b. Salawattanw. Baghdarlama. Almati', 2002. 64 b.
- 2 Ma'deni"et. Aqtan Qong'ir. 2010, nawri'z. 1. B. 3-9.
- 3 A'dilhanov A.S., Jangaberdi"eva K.A., Brusenko Z.G. Salawattanw. Oqwli'q. Jalpi' bilim beretin mektepterding 5-6 si'ni'ptari'na arnalghan. Almati', 2005. 134 b.
- 4 A'dilhanov A'.S., Qi"si'mova A'.Q. Salawattanw. Oqwli'q. Jalpi' bilim beretin mektepterding 7-8 si'ni'ptari'na arnalghan. Almati', 2009. 200 b.
- 5 Jalpi' bilim beretin mektepting 5-7 si'ni'ptari'na arnalghan «Tehnologii"ya» pa'nining baghdarlamasi'. Almati': ROND, 2003.
- 6 O'stemirov K., Qalnazarov B., Chi"mekeeva G., I"tsi"mbetov M. Tehnologii"ya. Oqwli'q. Almati': Atamura, 2005.
- 7 Jalpi' bilim beretin mektepting 8-9 si'ni'ptari'na arnalghan «Tehnologii"ya» pa'nining baghdarlamasi'. Almati': QBA, 2003.
- 8 Ko'sherbaeva A.N., A'lipbek A.Z. Jetkinshekterding salawatti' o'mir salti'n e'steti"kali'q qundi'l'qtar negizinde qali'ptasti'rw: Oqw-a'distemelik qural. Shi'mkent, 2010. 72 b.

## Резюме

*A. Z. Алипбек<sup>1</sup>, Ж. З. Торыбаева<sup>2</sup>*

(<sup>1</sup>ЮКГПИ, Шымкент, Казахстан,

<sup>2</sup>МКТУ им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан)

### ВОЗМОЖНОСТИ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ФОРМИРОВАНИИ ЭСТЕТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ НА ОСНОВЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ПОДРОСТКОВ

В статье автор рассматривает возможности формирования эстетических ценностей и здорового образа жизни в учебно-воспитательном процессе в общеобразовательных школах. Также в статье особое внимание уделяется формированию здорового образа жизни и эстетических ценностей у подростков в процессе практики.

**Ключевые слова:** здоровый образ жизни, эстетические ценности, учебно-воспитательный процесс, формирование.

## Summary

*A. Z. Alipbek<sup>1</sup>, Zh. Z. Toribaeva<sup>2</sup>*

(<sup>1</sup>SKSPI, Shymkent, Kazakhstan,

<sup>2</sup>International Kazakh-Turkish university of a name of Yasavi, Turkestan, Kazakhstan)

### POSSIBILITIES OF TEACHING AND EDUCATIONAL PROCESS IN FORMATION OF AESTHETIC VALUES ON THE BASIS OF THE HEALTHY LIFESTYLE OF TEENAGERS

In this article the author considers possibilities of formation of esthetic values and a healthy lifestyle in teaching and educational process at comprehensive schools. Also in article the special attention is paid to formation of a healthy lifestyle and esthetic values at teenagers in the course of practice.

**Keywords:** Healthy way of life, aesthetic values, teaching and educational process, forming.